"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӨКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 25-02-1930
·3· 11 26

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, білім алушылардың шығармашылық және мәдени қабілеттерін дамыту мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында өткізілетін 8-10-сынып оқушылары арасындағы өткізілетін **«Күзгі бал - 2026»** аудандық байқауының 2026 жылдың 18 қараша күні ұйымдастырылып өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта және негізгі мектептердің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес zhas_naturalist@bk.ru электронды поштасына 2026 жылдың 17 қарашасына дейін қабылданады.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша:5 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндеттерін уақытша атқарушы **А.И.Базаркулова**

Бекітемін
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы м.а.
_____А.И.Базаркулова
«__» ___ 2026жыл

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Жас натуралистер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында өткізілетін 8-10-сынып оқушылары арасындағы **«Күзгі бал»** аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында өткізілетін 8-10-сынып оқушылары арасында «Күзгі бал» тақырыбындағы байқауының (бұдан әрі- Байқау) мақсатын, міндеттерін,өткізу тәртібін және қатысушыларға қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы- «Жас натуралистер станциясы» КММ- сі

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. **Мақсаты:**

-Оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу;
-эстетикалық талғамын қалыптастыру;
-ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді дәріптеу;
- Күз мезгілінің табиғи байлығын таныту және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

2.2.**Міндеттер:**

-оқушылардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
-Табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға баулу;

- “Адал азамат” бағдарламасын насихаттау

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құралады (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті :

-Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
-Байқаудың өткізу күнін белгілейді;
-Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
-Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;

-Іс- шараның түрлерін анықтайды;
-Байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ –та жария етілуін қамтамасыз етеді.
3.2. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:
-Тақырыпты ашу деңгейі, баяндаудың логикаға сәкестігі;
-сауаттылығы, мазмұны, әдеби мәліметтерді пайдалануы;
-дерек пен дәйектің шынайылығы.
3.3. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

IV .Байқаудың қатысушылары

4.1.Байқауға жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сынып оқушылары қатысады.
4.2. Байқау қазақ тілінде өтеді.

V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1**. Байқау II кезеңнен тұрады. I кезең – мектепішілік кезең. II кезең - М.Өзбеков атындағы аудандық Мәдениет үйінің АКТ залында 2026 жылдың 18 қараша күні сағат 10:00 де өткізіледі.**

VI. Байқау номинациялары

6.1. “Күзгі бал ханзадасы мен ханшайымы”;
6.2. “Ең үздік шығармашылық таныстырылым”;
6.3. “Үздік вальс”;
6.4. “Ең тапқыр жұп”;
6.5. “Ең үйлесімді жұп”
6.6. “Көрермен көзайымы”
6.7. “Ең ерекше образ”

VII Байқау кезеңдері мен талаптары

7.1. **I кезең:«Күзгі таныстыру» - өзін-өзі таныстыру сайысы.**
Қатысушылар өздерін, сыныбын немесе командасын ерекше шығармашылық форматта таныстырады.
Таныстыру барысында өлең, ән, шағын көрініс, бейнеролик және басқа да шығармашылық тәсілдерді қолдануға болады.
Бағалау критерийлері:
тақырыптың ашылуы – 5 ұпай;
таныстырудың ерекшелігі мен шығармашылық идеясы – 5 ұпай;
сахна мәдениеті және сөйлеу шеберлігі – 5 ұпай;
топтың үйлесімділігі мен көрерменмен байланысы – 5 ұпай.
II Кезең. «Күзгі сән шеруі - 2026» - шығармашылық сән үлгісі сайысы
Оқушылар күзгі сән үлгісімен подиумға шығады.
Киім үлгісі күз мезгіліне сәйкес болуы керек.
Образдың өзіндік идеясы мен ерекшелігі болуы тиіс.
Киім мен аксессуарлар өзара үйлесімді болуы қажет.
Ұлттық ою-өрнектерді және сәндік элементтерді пайдалануға болады.
Қатысушының жүріс-тұрысы мен сахнада өзін ұстау мәдениеті ескеріледі.

Қауіпсіздік талаптары сақталуы тиіс.

Бағалау критерийлері:

Тақырыпқа сәйкестігі – 5 ұпай;

Образдың ерекшелігі мен шығармашылық идеясы– 5 ұпай;

Киім үлгісінің үйлесімділігі және эстетикалық талғам – 5 ұпай;

Подиумда өзін көрсету шеберлігі – 5 ұпай.

Ең жоғары ұпай: 20 ұпай.

III Кезең. «КҮЗГІ ШАБЫТ - ӨНЕР ӘЛЕМІ» шығармашылық өнер сайысы

Қатысушылар өздерінің өнерге деген қабілеті мен шығармашылық шеберлігін көрсетеді.

Бұл кезеңде төмендегі өнер түрлерінің біреуін таңдап қатысады.

Ән өнері: жеке ән орындау, дуэт, топтық ән немесе вокалдық композиция;

Би өнері: ұлттық би, заманауи би, классикалық би немесе басқа би бағыттары;

Көркемсөз өнері: өлең оқу, әдеби композиция, мәнерлеп оқу;

Театр және сахналық өнер: шағын көрініс, драмалық қойылым, пантомима; композиция, мәнерлеп оқу;

Қатысушылар өнер көрсету түрін өздерінің қабілеттеріне қарай таңдайды.

Өнер көрсету уақыты 3-5 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

орындаушылық шеберлік – 5 ұпай;

шығармашылық идеяның ерекшелігі – 5 ұпай;

сахна мәдениеті және көркемдік деңгейі – 5 ұпай;

тақырыпқа сәйкестігі және көрерменге әсері – 5 ұпай.

6. Қорытынды бағалау

Байқаудың үш кезеңі бойынша әр қатысушының немесе жұптың жинаған ұпайлары қосылады.

Жалпы ең жоғары ұпай – 60 ұпай.

Әділқазы алқасы әр турдың нәтижесін жеке бағалап, қорытынды ұпай негізінде жеңімпаздарды анықтайды.

Ұпайлар тең болған жағдайда қазылар алқасы қатысушылардың шығармашылық ерекшелігін, тапсырмаларды орындау сапасын және сахна мәдениетін ескереді.

7. Әділқазы алқалары

Әділқазы алқасының құрамына мектеп әкімшілігінің өкілдері, педагогтер және өнер мен мәдениет саласына жауапты мамандар енгізіледі.

Қазылар алқасы:

Қатысушылардың өнерін әділ бағалайды;

Белгіленген бағалау критерийлерін басшылыққа алады;

Әр турдың қорытындысын шығарады;

Байқау жеңімпаздарын анықтайды.

8. Марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар дипломдармен немесе алғыс хаттармен марапатталады.

Ұсынылатын номинациялар:

«Күзгі балл ханзадасы мен ханшайымы»;

«Ең үздік шығармашылық таныстырылым»;

«Ең тапқыр жұп»;

«Үздік вальс»;

«Ең үйлесімді жұп»;

«Көрермен көзайымы»;

«Ең ерекше образ».

9. Қауіпсіздік және тәртіп талаптары

Қатысушылар іс-шара барысында қоғамдық тәртіпті сақтауы тиіс.

Бір-бірінің өнеріне құрметпен қарауы қажет.

Қорлайтын, әдепсіз немесе өзге адамдардың ар-намысына тиетін материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Сахнаға шығу және би орындау кезінде қауіпсіздік ережелері сақталуы тиіс.

Қатысушылар ұйымдастырушылардың нұсқауларын орындауға міндетті.

10. Қорытынды

«Күзгі балл – Күзгі кеш» іс-шарасы оқушылардың өнерін шыңдауға, шығармашылық қабілетін дамытуға, өзара достық пен сыйластықты нығайтуға бағытталған тәрбиелік мәні зор мерекелік байқау болып табылады. Іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын негізге ала отырып, жас ұрпақтың мәдениетін, жауапкершілігін, шығармашылығын және рухани дамуын қолдауға ықпал етеді.

VI. Байқаудың қортындысын шығару және марапаттау

8.1.Байқау жеңімпаздары бас жүлдемен және I, II, III дәрежелі дипломдармен алғыс хаттармен марапатталады.

Қосымша 1

Сұраныс

№	Мектептің атауы	Қатысушының аты-жөні	Жетекшінің аты -жөні	Сыныбы	Телефон нөмірі

Орындаған: "Жас натуралистер станциясы"КММ Әдіскері
Тастамбаева Мөлдір Әділханқызы
Тел: 8 775 479 00 50 (whatsapp)
zhas_naturalist@bk.ru